

2019 жылдын 1 наурызы бойынша аймақта 43 мыннан астам шагын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Онын 85 пайызы тиісті деңгейде жұмыстарын жүргізуде.

Сонгы жылдын озінде шагын және орта бизнес субъектілерінің саны 13,8 пайызга өсті.

Айта кетейік, аймақта жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша ауқымды және жүйелі жұмыстар аткарылып жатыр.

Ағымдагы жылы кәсіпкерлікті шагын несиелеуге 4 млрд тенгеден астам қаржы қарастырылған. Олар жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту "Еңбек" бағдарламасын іске асыруға бағытталады болады. Онын ішінде облыстық бюджеттен өнірлік инвестициялық орталық үшін стартап-жобаларды қаржыландыруға 500 млн тенге бөлінеді.

Сонымен қатар, "Бизнес-Кенесші" бағдарламасы аясында 2019 жылы 737 адамды оқыту жоспарлануда. Ал "Бастау-Бизнес" бағдарламасымен 800 адам біліктілігін арттыратын болады.

"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы бойынша жыл басынан бері екінші деңгейлі банктер жалпы сомасы 658 млн тенгені құрайтын 27 жобаны мақұлдаған.

2018-2020 жылдары аймақта Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы болып жарияланып, «Жол картасы» әзірленді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қызылорда облысы бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасаған ең үздік облыс деп танылып, Түнгыш Президент, Елбасы Н.Назарбаев Қызылорда облысының әкімі К.Кошербаевқа "Алтын сапа" сыйлығын табыстады.

Сондай-ак, агымдагы жылдын акпан айынан бастап облыста Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы базасында кәсіпкерлік мақсаттар үшін жер учаскелерін беру бойынша ашық аукциондар өткізілуде. Естеріңізге сала кетейік, 2017 жылы аймақ басшысының бастамасымен "бір отінім" кагидаты бойынша 70-тен астам қызмет түрі тегін көрсетілетін "Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы" құрылды. Мысалы, жер қатынастары саласында 21 қызмет түрі көрсетілсе, оның 7-еуі мемлекеттік қызмет болып табылады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі